

aceline

Пайдалану
бойынша нұсқаулық

Асeline S-105 экшн бейнекамерасы



Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және өндірілген бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына қамқорлық жасаңыз және құрылғыны одан әрі пайдалану кезінде нұсқаулықты анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының тағайындалуы

Экшн бейнекамерасы-бұл агрессивті ортада және қозғалыс кезінде түсіру үшін арнайы жасалған бейнекамера.

Сақтық шаралары

- Бұл өнім жоғары дәлдіктегі құрылғы. Оны тастамаңыз немесе бүлдірмеңіз.
- Камераны магниттік және радио толқындарының көздеріне жақын қоймаңыз.
Магнит өрістері ақауларға немесе суреттерге немесе дыбыстарға зақым келтіруі мүмкін.
- Бейнекамераны температурасы жоғары немесе күн сәулесі тікелей түсетін жерлерде орнатпаңыз.
- Өндіруші ұсынған microSD карталарды қолданыңыз.
- Сақталған деректерге зақым келтірмеу үшін microSD карталарын магниттік және радио толқындарының жанында сақтамаңыз.
- Қатты қызған кезде, жану немесе түтін иісі болса, өрттің алдын алу үшін құрылғыны желіден дереу ажыратыңыз.
- Зарядтаған кезде бұйымды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Қуат баусымы тұншығудың немесе электр тогымен соғылуының себебі болуы мүмкін.

Аккумуляторлық батареямен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу бойынша ұсынымдар

Тек қана түпнұсқалық қуаттау құрылғысын қолданыңыз

Батареяның зарядталу/разрядталу қабілеті оған орнатылған контроллермен басқарылады. Заряд және разряд токтары шектеулі болғандықтан, Li-ion сыртқы зарядтау құрылғыларындағы мәжбүрлі «жылдам зарядтау» режимдері қарсы көрсетілген. Li-ion батареяларында «жад эффектісі» жоқ. Аккумуляторларды кез келген заряд деңгейінен разрядтауға/зарядтауға болады. Көптеген құрылғыларда зарядтау/разрядтау деңгейі бойынша шектеу түр — егер, мысалы, заряд 90% асып кетсе, контроллер аккумуляторды зарядтауға мүмкіндік бермеуі ықтимал. Сондай-ақ, ол аккумуляторды толығымен қуатсыздандыруға мүмкіндік бермейді, бұл оның элементтерінің істен шығуына жол бермейді. Құрылғы электр желісі арқылы жұмыс істесе де — айына кемінде бір рет, Li-ion батареясы толық зарядтау/разрядтау циклынан өтуі керек («батареяның разрядталуы туралы» хабарлама пайда болғанға дейін). Батареяны толық разрядталу күйіне дейін жеткізуге болмайды. Li-ion аккумуляторы разрядталған күйде ұзақ уақыт сақталған кезде тез нашарлайды. Егер бұлай болса, оны бірден зарядтауға қойыңыз. Батарея құрылғыдан бөлек сақталса да зарядын жоғалтады. Li-ion аккумуляторларының өздігінен разрядталуы айына шамамен 5% құрайды. Li-ion аккумуляторлары өз құрылымына қарай қысқа мерзімді және пайдаланылғанына немесе пайдаланылмағанына қарамастан үнемі нашарлайды. Бұл нашарлау температура неғұрлым қарқынды болса және заряд мөлшері неғұрлым «оңтайлы» мәнінен алшақ болса (сақтау тұрғысынан), соғұрлым жоғары болады, ол 40% тең деп қабылданады. Егер батарея 2 апта бойы немесе одан да көп уақыт қуатсызданған күйде болса, онда оның элементтеріндегі сыйымдылықты жоғалтудың қайтымсыз процесі жүреді, нәтижесінде батарея істен шығады.


Температуралық режимді сақтаңыз

Батареялар ауаның қалыпты ылғалдылығы кезінде +15 °C-тан +35 °C-қа дейінгі температурада зарядталған күйде сақталуы керек. Батареялар жоғары (+40 °C-тан жоғары) және төмен (-10 °C-тан төмен) қоршаған орта температурасында ұзақ мерзімді пайдалануға төзімсіз. Батареяны тікелей күн сәулесінде қалдыруға болмайды.

Зақымдану белгілері бар батареяларды пайдаланбаңыз, жақпаңыз, бөлшектемеңіз


Еш жағдайда батареяларды өз бетіңізге бөлшектеуге және олардың элементтерін зарядтауға болмайды. Қажет болса, мамандандырылған сервистік орталықтарына хабарласыңыз. Элементтердің тесілуі немесе мыжылуы ішкі қысқа тұйықталуға әкелуі мүмкін, содан кейін өрт пен жарылыс болуы ықтимал. Литийдің жоғары температурадан балқуы да жарылысқа әкелуі мүмкін. Герметизацияның бұлуінің кезінде элементтің ішіне су кіруі немесе атмосфералық ылғал конденсациялануы мүмкін, бұл сутегінің бөлінуі орын алатын реакцияға жәнәтүтануға әкелуі мүмкін. Сіз батареяның ағымдағы күйін, мысалы, кез келген құрылғыда болатын батарея күйінің индикаторынан көре аласыз (сіз оның орналасқан жерін және сатып алу кезінде жұмыс принципін анықтай аласыз). Сақ болыңыз: зақымдалған батареялар зиянды заттектер бөлуі мүмкін. Егер батарея ауысымдық (алмалы-салмалы) болса, оның жұмыс қабілеттілігінде мәселелер анықталған кезде сервистік орталыққа жүгінген жөн (кепілдік талонындағы кепілдік мерзімін қараңыз). Егер батарея алынбаса (АКБ құрылғының ажырамас бөлігі болса), кепілдік құрылғының кепілдігіндей әрекет етеді. Сондай-ақ, сервистік орталыққа жүгіну қажет. Ақаулы батареяны жөндеуге неғұрлым тезірек берсеңіз, соғұрлым оны аз шығынмен қалпына келтіру ықтималдылығы зор болады.

Құрылғының схемасы



1. Туре-С қосқышы.
2. Микрофон.
3. MicroSD жад картасының жалғағышы.
4. HDMI-жалғағыш.
5. Қуат көзінің батырмасы/MODE.
6. Объектив.
7. Қуат көзінің жарық индикаторы.
8. Жұмыстың жарықтық индикаторы.
9. Дисплей.
10. WIFI қосылымы индикаторы.
11. «OK» батырмасы.
12. «Жоғары/Wi-Fi» батырмасы.
13. «Төмен» батырмасы.
14. Динамик.
15. Батареялық бөлік қақпағының ысырмасы.
16. Батарея бөлігінің қақпағы.

Аккумулятор батареясын зарядтау



Камераны компьютерге немесе кез-келген басқа қуат көзіне қосыңыз, зарядтау индикаторы қызыл түспен жанады және зарядтау аяқталғаннан кейін сөнeдi. Зарядтау әдетте 3-5 сағатты алады.

MicroSD картаны орнату

MicroSD жад картасын тиісті жалғағышқа салыңыз.

Ескерту: жад картасын қолданар алдында пішімдеңіз, өйткені әйтпесе құрылғының дұрыс жұмыс істеуіне кепілдік берілмейді.

Аккумуляторлық батареяны орнату және алу

1. Оны ашу үшін батареялық бөлік қақпағының ысырмасын жылжытыңыз.
2. Батареялық бөліктің қақпағын ашыңыз.
3. Кереғарлықты сақтай отырып, батареяны орнатыңыз.
4. Батареялар бөлігінің қақпағын бекітілгенше жабыңыз.

Батареяны шығару үшін 1 және 2-қадамдарды қайталаңыз, содан кейін батареяны шығарыңыз.

Құрылғыны пайдалану

Қуат көзінің батырмасы

- Құрылғыны қосу/сөндіру үшін қуат көзінің батырмасын/MODE басыңыз және оны 3-5 секунд бойы басулы күйде ұстап тұрыңыз.
- Жұмыс режимін келесі ретпен ауыстыру үшін қуат көзінің/MODE батырмасын басыңыз:
 - бейнетүсірілім;
 - фототүсірілім;
 - файлдарды ойнату;
 - мәзірді қарау.

Таңдалған режим белгішесі құрылғы экранында көрсетіледі.

«OK» батырмасы

- Бейне жазуды бастау/аяқтау үшін бейне режиміндегі «OK» батырмасын басыңыз.
- Суретке түсіру үшін суретке түсіру режиміндегі «OK» батырмасын басыңыз.
- Таңдалған мәзір элементіне өту немесе параметрдің өзгергенін растау үшін мәзірді қарау режиміндегі «OK» батырмасын басыңыз.

Wi-Fi желісіне қосылу

Бұл құрылғыны Wi-Fi арқылы Android немесе IOS ОЖ пайдаланатын сандық құрылғыға қосуға болады. Бұл үшін мынадай операцияларды жүргізіңіз.

- 4K-Sport Pro қосымшасын төмендегі QR кодын сканерлеп жүктеңіз, іске қосыңыз.



IOS



ANDROID

- Камераны қосыңыз, кейін «Жоғары/Wi-Fi» батырмасын басыңыз. Экранда Wi-Fi белгішесі және құрылғыға қосылу туралы нұсқаулық көрсетіледі.
- Сандық құрылғыдағы Wi-Fi функциясын қосып, «Aceline S-105» желісін табыңыз.
- Экранда көрсетілген құпиясөзді енгізу арқылы камераға қосылыңыз.
- Сәтті қосылған кезде камера экраны сандық құрылғы экранында қайталанады.

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	S-105
Экран	2.0 HD TFT
Шолу бұрышы	150°
Қолдаулы тілдер	Ағылшын, қытай (дәстүрлі), қытай (жеңілдетілген), жапон, француз, неміс, испан, итальян, португал, тай, орыс ,корей
Бейненің ажыратымдылығы	<ul style="list-style-type: none"> • 4K (3840x2160) 60fps*; • 4K (3840x2160) 30fps; • 2.7K (2688x1520) 30fps; • 1080P (1920x1080) 120fps; • 1080P (1920x1080) 60fps; • 1080P (1920x1080) 30fps; • 720P (1280x720) 240fps; • 720P (1280x720) 120fps; • 720P (1280x720) 60fps; • 720P (1280x720) 30fps
Бейнефайлдар пішімі	MP4
Фотоның ажыратымдылығы	<ul style="list-style-type: none"> • 16Мп; • 13Мп; • 12Мп; • 8Мп; • 5Мп; • 2Мп.
Қолдаулы тасығыш көлемі	128 Гб дейін
Түсіру режимдері	Бір сурет, кідіріспен фото, сериялық түсіру
Жиілігі	50/60 Гц
USB түрі	Type-C
Қуат көзінің параметрлері	5 В, 1 А
Батареяның сыйымдылығы	850 мА·сағ
Жазу уақыты	70 минутқа дейін
Зарядтау уақыты	Шамамен 3 сағат
Қолдаулы ОЖ	Windows, MacOS

Wi-Fi

Стандарт: IEEE 802.11 b/g/n.

Жиілік диапазоны: 2412 - 2472 мГц.

Таратқыштың қуаты: < 100 мВт.

* Интерполяцияланған.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы -20 °С бастап 70 °С дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 % аспайтын кезде сақтау керек. Үй-жайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмау тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Мұның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейінгі қайта өңдеу мен кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықтарды қабылдау орнына кәдеге жарату керек. Осы бұйымды кәдеге дұрыс жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісінше қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін нұқсанның алдын аласыз. Осы бұйымды қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыс қоқысын шығаратын кәсіпорыннан ала аласыз.
- Құрылғы ақаулығын анықтаған кезде дереу авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Транстайл Электроникс Ко., Лтд.

1 ғимарат, Дабусян өнеркәсіптік аймағы, Гуаньянь, Лунхуа жаңа ауданы, Шэньчжэнь қ., Қытай.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Астана, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Республика Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Қытайда жасалған.

Тауар КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрлі магнитті үйлесімділігі» Кеден одағының Техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауар ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» Еуразиялық экономикалық одағының техникалық регламенті талаптарына сәйкес келеді.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.7

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойған күні: _____

Өндіруші құрылғының кепілдік мерзімінің ішінде үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың жоқтығына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайы сақталғанда кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен болмаған істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Жұмыс істеп тұрған сервис орталықтарының мекенжайы:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



aceline